



6-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Ж.Пиажениң бала ойлауы  
саласындағы зерттеулері мен  
методологиясына Л.С.Выгодскийдің  
СЫНЫ



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ж.Пиаженің бала ойлауы саласындағы зерттеулері мен методологиясына Л.С.Выгодскийдің сыны

Бұл дәрісте біз «Ойлау және сөйлеу» еңбегінің екінші тарауына көбірек тоқталамыз. Онда Л.С.Выготский оқырмандарын ойлау мен сөйлеуді танып білуге қатысты өзінің жеке зерттеулерімен таныстырады. Айта кетерлігі, автор «теориялық сын тәжірибеге негізделген сынға қарағанда әлсіздеу келеді» десе де, Ж.Пиаженің баланың ойлау, логика және сөйлеуінің дамуына қатысты концепцияларына жүгінеді. Бұл дәрісті осы топтамадағы бесінші дәрістің жалғасы. Осы дәрістегі негізгі ойды жақсырақ түсіну үшін осы видеокурс топтамасындағы төртінші және бесінші дәрістерді тындап алуға кеңес беремін.

Л.С.Выготскийдің өз еңбегінің екінші тарауында сипатталған тәжірибелік деректерді түсіну үшін алдымен Ж.Пиаженің жұмысының ғылыми әдісін қарастырып алған дұрыс. Ескеріп кететін бір жағдай, ғылымда Ж.Пиаже еңбегінің екі кезеңі бар. Бірі «ерте Пиаже», ал екіншісі «кеш Пиаже». Л.С.Выготский осы бірінші кезеңдегі «жас Пиаженің» позициясына қатысты пікір таластырады. Бұл позиция ойлау дамуының ерекшеліктерін қамтыса, «кеш Пиаже» интеллекттің даму мәселесін қамтиды. Л.С.Выготский ғалымның кейбір зерттеулеріне қарсы екенін айтып қана қоймай, сонымен қатар Ж.Пиаженің тәжірибелерін қайталап жасап көреді. Тәжірибе барысында жағдайды басқа қырынан көрсетіп, іріктеулерді кеңейтіп, жаңа оқиғаларды мысалға ала отырып, өзіндік жаңа қорытындыларға келеді. Ж.Пиаже жасаған тәжірибелердің әдіс тәсілдерін қолдана отырып, БинеТермен ғылыми орталығында бір жылдан астам уақытта жаңадан тесттер жасағаннан кейін Л.С.Выготский оның зерттеу әдістері нормативтік тәсілдемесіз болатыны жайлы шешім қабылдайды. Ж.Пиаженің пікірінше, тесттерді қолдану әдісі «бұл қалай болады, мұның логикалық түсіндірмесі қандай» деген сұрақтарға нақты жауап бермейді. Тест тек қана өлшеуші құрал іспеттес, сандың тұрғыдан ғана көмектесе алады, ал сапалы жауап беруге қауқары жоқ деп есептейді.

Өзінің еңбегінде Выготский: «Зерттеулер арқылы біз баланың эгоцентрлік сөйлеуі оның іс-әрекетінде ерекше мәнді рөлді өте ерте атқара бастайды деген қорытындыға келдік» дейді. Пиаже тәжірибелеріне ұқсас Выготский тәжірибелерінде баланың эгоцентрлік сөйлеуінің туу себептерін байқауға тырысқан. Сол үшін ол баланың мінез-құлқын Пиаже сияқты ұйымдастырған, тек айырмашылығы Выготский баланың мінез-құлқын қиындататын кезеңдерді енгізген. Мысалы, бала сурет салып жатқан кезде Выготский шартты қиындатты: керек кезде баланың қолында оған қажет бояу түсі, түрлі түсті қарындаш, қағаз т.б. болмай қалды. Выготский баланың еркін іс-әрекетіне қиындықтар тудырды. Осылайша Выготский зерттеуінің тікелей осындай қиындық тудырылған жағдайлардағы бала эгоцентрлік сөйлеуінің коэффициенті Пиаженің қалыпты коэффициентінен және қиындық тудырмаған осы бала эгоцентрлік сөйлеуі коэффициентімен салыстырғанда екі есе жоғарылады. Ол балалар қиындық (кедергі) кездескен барлық жағдайда эгоцентрлік сөйлеудің өсіп отыратынын байқатты. Кедергіге тірелген бала: «Қарындашым қайда, енді маған көк түсті бояу керек; ештеңе етпейді, мен қызылмен бояймын да, оны суға шылаймын, ол кішкене қараяды да, көк түс сияқты болады» — деп жағдайды ұғынуға тырысады. Бұл ойларын ол өзімен-өзі сөйлесіп отырып баяндайды.

Осыған ұқсас, бірақ іс-әрекетті эксперимент бұзбаған жағдайларда Выготскийдің коэффициенті Пиажеден гөрі төмендеу де болды. Соған орай, Выготский қалыпты жүріп жатқан іс-әрекетті қиындату мен бұзу эгоцентрлік сөйлеуді тудыратын басты факторлардың бірі болып саналады деп болжады.

Пиаженің өзінің баяндауында үнемі дамытып отырған екі теориялық оймен, екі теориялық жағдаймен жеңіл салыстыру жүзеге асыра алатын. Бұл, біріншіден, автоматты тұрғыда өтіп жатқан іс-әрекетті қиындату мен бұзу осы іс-әрекетті жете түсінуге әкеледі деп Э. Клапаред құрастырған ұғыну заңы, екіншіден, сөйлеудің пайда болуы ұғыну процесін білдіретіндігінде. Осындай ұқсастықты Выготский өз зерттеуіне қатысқан балалардан да байқаған: олардағы эгоцентрлік сөйлеу, яғни жағдайды мағыналау, жолды белгілеу, жасайтын әрекетін алдын ала жоспарлау осыдан кішкене күрделілеу жағдайға байланысты пайда болды.

Зерттеу барысында жасы үлкендеу бала өзін басқаша ұстайды: ол жан-жағына қарайды, ойланады, сосын жол табады. Не ойлағаны туралы сұрағанда ол әрқашан жауап беріп отырды, жауаптарын мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеп отырып айтқан ойымен мәнді түрде жақындатуға болады. Осыған орай, біз мектеп жасына дейінгі балада ашық сөйлеу түрінде жүретін әрекетті мектеп жасындағы балада дыбыссыз, ішкі әрекет түрінде жүреді деп айта аламыз.

Л.С. Выготский экспрессивті функция мен разряд функциясы және бала белсенділігін жай ғана алып жүретінінен басқа, эгоцентрлік сөйлеу өз мағынасында ойлау тәсілі болып кетеді, яғни мінез-құлықта пайда болған міндетті шешу жоспарын құру функциясын да атқарады деген қорытындыға келеді. Ол өз еңбегінде бір мысал келтіреді. Оның тәжірибесі бойынша бала (5 жастағы) трамвай салып отыр; бір дөңгелегін бейнелейтін сызықшаны сала отырып, бала қарындашын қаттырақ басып жібереді, ол шеңберді толығымен жабуға тырысуда, бірақ қағаз бетінде сынған қарындаштың ізінен басқа еш нәрсе қалмайды.



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ж.Пиажениң бала ойлауы саласындағы зерттеулері мен методологиясына Л.С.Выгодскийдің сыны

Бала ішінен: «Ол сынған», — деп күбірлейді де, қарындаштарын қоя салып, сурет сюжетінің өзгергендігі туралы айта отырып, апаттан кейінгі жөнделіп жатқан вагонды бояулармен сала береді. Кездейсоқ пайда болған баланың осы эгоцентрлік пікірі оның барлық іс-әрекетінің жүру барысымен соншалықты байланысты, сурет салудың барлық айналмалы пунктін анық құрайтындығы соншалықты, одан кейінгі мінез-құлықтың бүкіл жолын анықтайтын жаңа пейілдің жоспарын құрып кетеді. Баланың эгоцентрлік пікірі оның тәжірибелік әрекетінің негізгі кезеңдерін және соңғы нәтижені бейнелеп белгілейтіндігін көрдік, сондай-ақ бала іс-әрекетінің дамуына орай, бұл сөйлеудің ортаға қарай жылжитындығын, ал кейін жоспарлау қызметі мен алдағы әрекетті бағыттау қызметін меңгере отырып, негізгі әрекеттің басына қарай жылжитындығын байқадық. Бұл жерде әрекеттің нәтижесін көрсететін сөз, сол әрекетпен біте байланысып кетіп, тек соның нәтижесінде практикалық интеллектілі операцияның ең мәнді құрылымдық мезеттерін бейнелеп белгілегендіктен, өзі баланың әрекетін бағыттап, өз ниеттері мен жоспарына бағындырып, оны мақсаттылық іс-әрекет деңгейіне дейін көтеретінін байқадық.

Бұл жерде сөз қозғалысы мен баланың суретінен алғашқы бейнелеу іс-әрекетіндегі бұрын байқалған қозғалысқа ұқсастықты көруге болады. Қолына алғаш рет қарындаш ұстаған баланың алдымен сурет салып, кейін не салғанын атайтындығы белгілі. Оның іс-әрекетінің дамуына байланысты баланың сурет тақырыбын атауы процесс ортасына, кейін алдағы әрекеттің анықтай отырып, алдыңғыға ауысады. Осыған ұқсастау жағдай баланың эгоцентрлік сөйлеуінде де жүріп жатады және де баланың сурет салуындағы атаудың жылжуында алға жетелейтін жалпы заңдылықтың жеке мысалын көреміз.

**Л.С.Выготскийді эгоцентрлік сөйлеудің қызметі мен әрі қарайғы дамуы толғандырды.** Ол эгоцентрлік сөйлеудің қызметін қайта қарап, осы эгоцентрлік сөйлеудің мектеп табалдырығына жеткен кезде жойылуы туралы сұрақты да қайта талдады. Ол өз зерттеуде эгоцентрлік сөйлеу — сөйлеудің сыртқы түрінен ішкіге дамуындағы ауыспалы саты деген болжамды құруға себеп болатын жанама мәліметтерді кездестіреді. Айта кетерлігі, Ж.Пиажениң өзі эгоцентрлік сөйлеуді ауыспалы саты деп қарауға болады деген нұсқау мен негізді еш жерде бермеген.

Керісінше, Пиажеде эгоцентрлік сөйлеудің жойылу, баланың ішкі сөйлеуінің дамуына қатысты сұрақ, оның бала сөйлеуіне байланысты жүргізілген зерттеулерінің ішіндегі ең ашылмағаны болды және, осыған орай, психологиялық тұрғыда ішкі қызметті атқарушы түрінде түсінетін ішкі сөйлеу сыртқы эгоцентрлік сөйлеуге ұқсас әрі ол сыртқы сөйлеудің немесе әлеуметтенген сөйлеудің алдында болған деген пікірдің қалыптасуына себеп болды.

Ересек адамның ішкі сөйлеуі мен мектеп жасына дейінгі баланың эгоцентрлік сөйлеуін бір-бірімен жақындатушы — ол функциялардың ортақтығы: осы екі сөйлеу түрі де өзі үшін хабарлау міндеті мен басқалармен байланыс жасау міндетін орындаушы, әлеуметтік сөйлеуден бөлінген сөйлеу болып келеді. Психологиялық экспериментте Уотсон ұсынған тәсілге жүгініп, адамға қандай да бір ой тапсырмасын ауызша орындататын болсақ, яғни оның іштей сөйлеуін естісек, онда біз сол сәтте-ақ ересек адамның осы ой үстіндегі ауызекі сөйлеуі мен баланың эгоцентрлік сөйлеуі арасындағы ұқсастықты көруге болады дейді Л.С.Выготский.

Ересек адамның ішкі сөйлеуі мен баланың эгоцентрлік сөйлеуін жақындатып тұрған екінші жағдай — олардың құрылымдық ерекшеліктері. Негізінде, Пиаже эгоцентрлік сөйлеудің мынадай қасиеттері бар екенін көрсеткен болатын. Ол егер оны жай ғана хаттамаға жазатын болса, яғни оны тудырған жағдайдан бөліп тастап жазатын болса, айналасындағыларға түсініксіз. Ол адамның өзіне ғана түсінікті, ол қысқартылған және ол көз алдында тұрғанды түсіріп тастаған және күрделі құрылымдық өзгерістерге ұшыраған болып табылады. Осы құрылымдық өзгерістер, ішкі сөйлеудің негізгі құрылымдық тенденциясына ұқсас, атап айтқанда, қысқартулар жасауға бағытталған тенденцияны көрсететін байқауға қарапайым талдау да жеткілікті.

Выготский Пиаже орнатқан эгоцентрлік сөйлеудің мектеп жасында тез жойылып кетуі туралы факті бұл жағдайда эгоцентрлік сөйлеудің жойылуы емес, оның ішкі сөйлеуге айналуы немесе ішке кетуі екендігін айтуға мүмкіндік беретінін дәлелдеген ғалым. «Осы теориялық ой-толғауларға өз қатарымыздан бірдей жағдайда мектеп жасына дейінгі бала мен мектеп жасындағы балада да біресе эгоцентрлік сөйлеу, біресе үнсіз ойлау, яғни ішкі сөйлеу процестері жүретінін көрсететін эксперименттік зерттеуден алынған ой-толғауларымызды қосқымыз келеді» дейді Выготский.

Бұл зерттеулер ғалымдарға эгоцентрлік сөйлеуге қатысты өтпелі кезеңдегі бірдей эксперименттік жағдайды сыни салыстыру, үнсіз ойлану процесі функционалдық жағынан эгоцентрлік сөйлеу процесіне эквивалентті болып келетіндігін көрсетті. А.Леметр мен басқа да авторлардың мектеп жасында ішкі



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ж.Пиженің бала ойлауы саласындағы зерттеулері мен методологиясына Л.С.Выгодскийдің сыны

сөйлеуді зерттеуге байланысты жүргізген бақылаулары осыған үлес қоса түседі. Бақылаулар мектеп оқушысының ішкі сөйлеу типінің әлі де болса жоғары дәрежеде орнықсыздығын байқатты, яғни көз алдымызда генетикалық тұрғыдан жас, қалыптаспаған процестер.

Сондықтан да, Л.С.Выготский фактіліктік зерттеуге алып келетін негізгі нәтижелерді жинақтай келе эгоцентрилік сөйлеудің функциясы мен кейінгі дамуы жаңа мәліметтер тұрғысынан алып қараса да, Пиженің жоғарыда келтірген, баланың эгоцентрилік сөйлеуін, оның ойларының тікелей эгоцентризмі ретінде қарастырған көзқарастарын растамайды деген сын айтты. 6—7 жастағы балалар ересектерге қарағанда көбірек эгоцентрилік ойлайды және әрекет жасайды дегенді растамайды.

Л.С.Выготскийдің зерттеуі ішкі сөйлеудің дамуы мен оның функциялы ерекшеліктерімен тікелей байланыстан тұратын эгоцентрилік сөйлеудің интеллектілі функциясы ешқандай жағдайда да бала ойлауы эгоцентризмінің тікелей бейнесі болып табылмайтынын, бірақ эгоцентрилік сөйлеудің сәйкес жағдайларда сәбилік кезеңде баланың шынайы ойлауының шарты болып келетінін көрсетті. Сондықтан да, Пиженің өз зерттеулері негізіндегі бала жасындағы эгоцентрилік сөйлеудің бар екендігі туралы болжамынан бала ойлауының эгоцентрилік сипаты туралы болжамға ауысуға мүмкіндік беретін негізгі қорытынды тағы да фактілермен дәлелденбеді. Пиже егер 6 жасар баланың сөйлеуі 44—47% эгоцентрилік болса, онда 6 жастағы баланың ойлауы да шамамен 44—47% эгоцентрилік болады деп пайымдайды. Бірақ Л.С.Выготскийдің тәжірибесі эгоцентрилік сөйлеу мен ойлаудың эгоцентрилік сипаты арасында ешқандай байланыс болмайтынын көрсетті.

Л.С.Выготский былай дейді: «Біздің алдымызда дау тудырмайтын, эксперимент тұрғысынан бекітілген факт, бұл фактімен байланысқан болжамның қаншалықты сенімді немесе сенімсіз болуына мүлдем тәуелсіз факт. Қайталаймыз, бұл факт, баланың эгоцентрилік сөйлеуі эгоцентрилік ойлауының көрінісі емес, тіпті эгоцентрилік ойлауға қарама-қарсы, шынайы ойлау функциясын атқарады, ол армандар мен түс көрулер логикасын емес, сапалы мақсаттылық әрекеті мен ойлау логикасына жақындайды».

Соған орай, Ж.Пиженің эгоцентрилік сөйлеу фактісі мен осыдан шығатын ойлаудың эгоцентрилік сипатын мойындау фактісі арасындағы тікелей байланыс эксперименттік сынды көтермейді. Ғалым былай дейді: эгоцентрилік сөйлеуге арналған бірінші зерттеу, Пиже келтірген барлық фактілі дәлелдер ішіндегі ең негізгісі болып келеді; сол ғана Пижеге зерттеулер нәтижесінен негізгі болжамға көшуге мүмкіндік береді, кейінгі екеуі бірінші зерттеуді тексеруге арналған. Олар негізгі тұжырымдаманы құптайтын жаңа фактілік негіздерге қарағанда біріншідегі дәлелдер күшін тарату үшін қызмет етті. Екінші зерттеу тіпті баланың әлеуметтенген тілі бөлігінде де сөйлеудің эгоцентрилік түрлері болатындығын көрсетсе, үшінші зерттеу, Пиженің пікірінше, алдыңғы екі зерттеуді тексеру тәсілі болды әрі бала эгоцентризмінің себептерін нақты анықтауға мүмкіндік берді. Пиженің бала эгоцентризмі теориясындағы фактілік негіз бен теориялық қорытынды арасындағы байланысты үзуге көмектескендіктен және бала ойлауының дамуы көзқарасы тұрғысынан бала ойлауы мен сөйлеуінің дамуындағы негізгі жолдардың араласуы мен бағытын анықтауға көп мүмкіндіктер беретін болғандықтан, Л.С.Выготский кейбір аздаған нәтижелерді мысалға келтіруге және алынған нәтижелерге байланысты алынған болжамды құрастыруға тырысқан.

**Бала ойлауының дамуындағы Пиже теориясы тұрғысында аутизмнен — әлеуметтенген сөйлеуге, сағымды елестен қатынастар логикасына өтеді.** Пиженің өз сөзімен айтқанда, баланың психологиялық субстанциясымен баланы қоршаған ересек адамдардың оймен және сөзбен жеткізетін әлеуметтік әсерлері қалай өзгертіледі немесе ассимиляциялауға түсуін бақылауға тырысады. Пиже үшін бала ойлауының тарихы — бұл бала психикасын анықтайтын аутистикалық, жеке, ішкі әрі терең жасырын кезеңдердің бірте-бірте әлеуметтену тарихы. Әлеуметтену — дамудың соңында жатыр, тіпті әлеуметтік сөйлеу эгоцентрилік сөйлеудің алдында болмайды, даму тарихында оның артынан жүреді дейді. Л.С.Выготский дамытқан болжам тұрғысынан бала ойлауының негізгі жолдары мүлдем басқа бағытта орналасқан, ал бұл жаңа ұсынған көзқарас бұрмаланған даму процесінің генетикалық қатынастарының маңызды жағын ұсынады.

**Ал енді Выготскийдің тұжырымдамасын айтайық.** Сөйлеудің алғашқы қызметі — хабарлау, әлеуметтік байланыс, айналасындағыларға әсер ету — бұл ересектерге де, балаларға да бірдей қатысты. Сондықтан баланың алғашқы сөйлеуі таза әлеуметтік оны әлеуметтенген деп атау дұрыс емес, себебі бұлай атасақ, онда ол басында әлеуметтік емес, тек өзінің даму және өзгеру процесінде әлеуметтік болған деген ой тудырады.

Тек соңында, жетілу процесінде ғана көп қызмет атқаратын баланың сөйлеуі арнайы қызметтердің





Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ж.Пиаженің бала ойлауы саласындағы зерттеулері мен методологиясына Л.С.Выгодскийдің сыны

бөліну процесі бойынша дами бастайды да, белгілі жас кезеңінде эгоцентрик және қарым-қатынас сөйлеуі болып бірден жіктеледі. Пиаже әлеуметтенген деп атайтын болғасын, жоғарыда келтірілген пікірлер және Выготскийдің болжамы бойынша, сөйлеудің екі түрі де біркелкі әлеуметтік, бірақ сөйлеудің әр жаққа бағытталған функциялары болып келуіне байланысты сөйлеудің сол түрін осылай атаған. Сондықтан да, осы болжамға сай, эгоцентрилік сөйлеу баланың мінез-құлқының әлеуметтік түрлерін, ұжымдық серіктестік түрлерін жеке психикалық функциялар аумағына көшіруі негізінде пайда болады.

Бұрын әлеуметтік формалары болып келген мінез-құлық түрлерін баланың өзіне қатысты қолдану тенденциясы Пиажеге де белгілі болған және ол өз еңбегінде талас кезінде балада пайда болатын ойлауын түсіндіруде жақсы пайдаланылған. Пиаже баланың ой-пікірі бала ұғымында сөз таласы туғанда, пікір-талас үстінде ойлануға бастама беретін функциялы кезеңде пайда болады деп көрсетті. Осыған ұқсас Л.С.Выготскийдің пікірінше, бұрын басқалармен сөйлескендей баланың өз-өзімен сөйлесе бастағанында, ситуацияның баланы ауызша ойлауға итермелегенінде пайда болады,

Әлеуметтік сөйлеуден бөлінген эгоцентрилік сөйлеу негізінде баланың аутистикалық әрі логикалық ойлауының негізі болып табылатын баланың ішкі сөйлеуі пайда болады. Соған орай, Пиаже суреттеген бала сөйлеуінің эгоцентризмнен, ең алдымен, генетикалық тұрғыдан маңызды сыртқы сөйлеуден ішкіге ауысуын байқауға бейімбіз. Пиаже келтірген нақты материалды талдай келе, Л.С.Выготский сыртқы сөйлеудің ішкіге қалай ауысатындығын көрнекі түрде көрсетеді.

Пиаже эгоцентрилік сөйлеу өзінің психикалық қызметі тұрғысынан ішкі, ал физиологиялық табиғаты тұрғысынан сыртқы болып келеді деп көрсетті. Осылайша, сөйлеу нағыз ішкі сөйлеуден бұрын психикалық ішкі сөйлеу болады. Осы зерттеу Л.С.Выготскийге бізге ішкі сөйлеудің құрылу процесінің қалай жүретіндігін анықтауға мүмкіндік береді. Ол сөйлеу қызметтерінің бөлінуі, эгоцентрилік сөйлеудің жекеленуі, оның біртіндеп қысқаруы және ақырында оның ішкі сөйлеу түріне айналуы жолымен аяқталады.

**Эгоцентрилік сөйлеу дегеніміз** — өзі бұл сыртқыдан ішкі сөйлеу түріне өту түрі, міне, сол себепті де ол үлкен теориялық қызығушылық тудырды. Тұтас алғанда бүкіл схема мынадай болады: әлеуметтік сөйлеу — эгоцентрилік сөйлеу — ішкі сөйлеу. Кезеңдерін құрастырушы бірізділік көзқарасы тұрғысынан бұл схеманы бір жағынан осындай кезеңдер бірізділігін белгілеп, ішкі сөйлеудің құрылуының дәстүрлі теориясына (яғни сыртқы сөйлеу—сыбыр—ішкі сөйлеу), екінші жағынан Пиаженің схемасына — сөздік логикалық ойлаудың дамуындағы негізгі кезеңдердің сөйлеуден тыс аутистикалық ойлау — эгоцентрилік сөйлеу мен эгоцентрилік ойлау — әлеуметтенген сөйлеу және логикалық ойлау тұрғысындағы генетикалық бірізділікке қарсы қоюға болады.

Пиаже мен Л.С.Выготскийдің схемалары бір-біріне мазмұны жағынан ұқсас болуында, әдіснамалық жағынан жоғары дәрежеде ұқсас болуында. Осыған ұқсас формуланың авторы Д.Уотсон сыртқы сөйлеуден ішкіге ауысу аралық саты — сыбыр арқылы жүзеге асуы керек деп пайымдайды. Пиаже аутистикалық ойлаудан логикалық ойлауға ауысу аралық саты жолымен — эгоцентрилік сөйлеу мен эгоцентрилік ойлау арқылы өту керек деп белгілейді.

Соған орай, баланың эгоцентрилік сөйлеуі деп белгілеген бала ойлауының дамуындағы бір пункт баланың дамуы туралы әр түрлі трактіде жатқан схема бойынша беріледі. Бұл ауыспалы саты Пиаже үшін аутизмнен — логикаға, өзіндік-даралықтан әлеуметтікке өту болса, Выготский үшін бұл ауыспалы түрі сыртқы сөйлеуден — ішкіге, әлеуметтіктен — дараға, сонымен бірге аутистикалық сөйлеу ойлауына өту болып табылады.

Өзіңіз байқағаныңыздай, бейнесін тұтастай қайта құрастыруға тырысып отырған дамудың суреті әркім болып суреттеліп шыққанын байқаймыз. Бала ойлауының даму процесі қалай жүреді: өзінің өтпелі пунктінде эгоцентрилік сөйлеуден асып өтіп, аутизмнен, сағымды елестен, түс көру логикасынан әлеуметтенген сөйлеу мен логикалық ойлауға қарай ма, әлде даму процесі керісінше: баланың әлеуметтік сөйлеуі арқылы арқылы эгоцентрилік сөйлеуі ішкі ойлауы мен сөйлеуіне (соның ішінде аутистикалыққа) қарай жүреді ме? Сұрақты осы түрде қоятын болса, онда жоғарыда Л.С.Выготский теориялық тұрғыдан зерттеген мәселеге келіп тіреледі. Негізінде Л.С.Выготский Пиаженің психоанализден иемденген және ойлаудың даму тарихындағы алғашқы сатысы — аутистикалық ойлау деген, дамудың тұтастығы туралы ілім көзқарасынан негізгі мәселенің теориялық дербестілігі жайлы сұрақты кеңінен қарастырды. Бұл мәселенің тиянақсыздығын мойындауға тура келгендей, осы ойдың негізін сыни тұрғыда зерттей келе, Пиаженің бала ойлауының дамуының негізгі бағыты Выготскийді қызықтыратын тұжырымдамада дұрыс берілмеген деген қорытындыға келуге болады.

Шындығында, бала ойлауының даму процесінің қозғалысы даралықтан әлеуметтенуге қарай



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ж.Пиажениң бала ойлауы саласындағы зерттеулері мен методологиясына Л.С.Выгодскийдің сыны

емес, керісінше, әлеуметтіктен даралыққа қарай жүреді. Л.С.Выготскийді қызықтырған мәселенің эксперименттік және теориялық зерттеудің негізгі қорытындысы осындай болып шықты.

### **Қосымша әдебиет:**

1. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. - М., 2009.
2. Петровский А.В. Психология развивающейся личности. - М.: Педагогика, 2007.
3. Реан А.А. Психология человека от рождения до смерти. - СПб.: Прайм-Еврознак, 2000.
4. Рябова Т.В. Структура и возрастная динамика феномена эгоцентризма у подростков и взрослых. Автореф. дис.... канд. психол. н. - М. : МГУ, 2001